

«Келісемін»: _____
 Жарқайың ауданының
 әдістемелік орталығы меңгерушісі.: Г.Ж.Исаева

**Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзету іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Педкеңесте бекітілді, № 1 хаттамасы , 29. 08. 2025 ж

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК

меңгерушісі:

Г.С.Серикбаева

«Келісемін»: _____
 Жарқайың ауданының
 әдістемелік орталығы меңгерушісі.: Г.Ж.Исаева

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзету іс-әрекеті*****	күн сайын	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Басқа тілдерде оқытатын топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы педагогке бағдарлама айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

*****Арнайы түзету іс-әрекеті арнайы және жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда, арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Педкеңесте бекітілді, № 1 хаттамасы, 29.08.2025 ж

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК

меңгерушісі:

Г.С.Серикбаева

«Келісемін»: _____
 Жарқайың ауданының
 әдістемелік орталығы меңгерушісі.: Г.Ж.Исаева

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі**	күн сайын	
2	Тіл дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат

	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, іс-әрекеті еңбек	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, іс-әрекеті бейнелеу	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

Педкеңесте бекітілді, № 1 хаттамасы, 29. 08. 2025 ж

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК

меңгерушісі:

Г.С.Серикбаева

Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспарына түсінік хат

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК жобалық қуаты 140 орындық 6 топ жұмыс істейді. Бөбекжайға 1жас 3 айдан бастап балалар келеді. «2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы» нұсқаулық-әдістемелік хаттың ұсынымына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар білім беру үдерісін ұйымдастырады:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 бұйрығы.

Тәрбиеленушілердің физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

- «Жұлдыздар» ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
- «Жауқазын» кіші топ – 2 жастағы балалар;
- «Балапан» ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- «Қарлығаш» ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- «Күншуақ» ересек топ – 4 жастағы балалар;
- «Ақбота» мектепалды топ – 5 жастағы балалар.

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Циклограмма жасау кезінде Перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- ✓ 1қыркүйектен 31 мамырға дейін–оқу жылы
- ✓ 1маусымнан 31тамызға дейін–жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- Перспективалық жоспарға;
- Циклограммаға сәйкес жүзеге асады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг

жүргізіледі.

Тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесінің⁴ 1 Қосымшасына сәйкес құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен, тәрбиешілермен (*қазақ тілі оқытушысымен, спорт нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен*) бірлесіп, жасайды. Перспективалық жоспарда оқу жылына арналған міндеттер бөлінеді, олар Үлгілік бағдарламаның мазмұнын балалардың меңгеру деңгейіне байланысты қайталануы, толықтырылуы, түзетілуі және өзгертілуі мүмкін.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы орта құру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей, оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына (*іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына*) мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- Балаларға айтып беру;

- Балаларға көрсету;

- Балалармен бірге орындау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді барлық топпен де, шағын топтармен де қызығушылық орталықтарында, тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттерде (*бар болған жағдайда*), дәліздерде, ойын алаңдарында және т.б. балаларға қауіпсіз, жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

«Бақылау парақтарына» сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің және күн тәртібінің жүргізілуіне меңгеруші мен әдіскер бақылауды жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Мониторинг түрлі жас топтарының Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге педагогтің қол жеткізу деңгейлерін және педагогтің баламен жеке жұмыс жүргізуде алдағы әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын;
- Үлгілік бағдарламаның мазмұнын;
- Мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін;
- Бақылау парақтары мен Жеке картаны толтыру тәртібін
- мониторинг жүргізу әдістерін (*бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу*) ескеру қажет.

- МДТО үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру қажет.

Мониторингтің критерийлері балалардың жастарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді:

- 1) дене тәрбиесі (*ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі*);
- 2) жүзу(*жүзу бассейні болған кезде*);
- 3) тілдамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Мониторинг оқу жылында 3 рет:

- бастапқы– қыркүйекте;
- аралық– қаңтарда;
- қорытынды–мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал басқа жас топтарында бастапқы бақылаудан басталады. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарламаның мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан, бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі, жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (*қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу)*

нұсқаушысы, музыкалық жетекші) бірлесіп, оқу жылына Жеке даму картасын толтырады. Жеке картада критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту және/немесе түзету шаралары жазылады. Критерийлер бойынша жоғары деңгей көрсеткен балаларға Жеке карта толтырылмайды.

Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша шаралар(*дамытушы, түзету*) қазан-желтоқсан, аралық мониторинг нәтижелері бойынша шаралар ақпан- сәуір, қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Үлгілік бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі көрсетіледі.

Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін ескере отырып, барлық жас топтары мен мектепалды сыныптарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) іске асырылған Жеке картаны толтырады.

Педкеңесте бекітілді, № 1 хаттамасы , 29. 08. 2025 ж

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК

меңгерушісі:

Г.С.Серикбаева

«Балдырған» бөбекжайы»
 МКҚК меңгерушісі:
 Кумарова С.С. _____
 « 16 » қазан 2025жыл

**«Ақбота» мектепалды тобының ұйымдастырылған
 іс-әрекет кестесі**

(2025-2026 оқу жылы)

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Тіл дамыту	Көркем әдебиет	Математика негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері
Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Көркем әдебиет	Дене тәрбиесі
Дене тәрбиесі	Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру	Дене тәрбиесі	Музыка	Қазақ тілі
Қоршаған әлеммен таныстыру		Тіл дамыту	Қазақ тілі	музыка
Күн сайынғы ұйымдастырылатын іс-әрекеттер				
Дене тәрбиесі				Күн сайын
Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеттер				Күн сайын
Қарым-қатынас іс-әрекеті				Күн сайын
Танымдық, зерттеу іс-әрекеті				Күн сайын
Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті				Күн сайын
Қазақ тілі				Күн сайын
Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті				Күн сайын
Музыка				Күн сайын

Келісемін әдіскер: _____

«Балдырған» бөбекжайы»
МКҚК меңгерушісі:
Кумарова С.С. _____
« 16 » қазан 2025жыл

«Балдырған» бөбекжайы» МКҚК-ның дене тәрбиесінің кестесі

Дүйсенбі	Уақыты	Сейсенбі	Уақыты	Сәрсенбі	Уақыты	Бейсенбі	Уақыты	Жұмы	Уақыты
Күншуақ	9:20	Қарлығаш	9:30	Ақбота	9:20	Күншуақ	9:20	Ақбота	9:20
Ақбота	9:45	Күншуақ	9:50			Қарлығаш	9:45	Қарлығаш	9:50

Келісемін _____

Әдіскер Гафарова А.С.